

А. Қ. Тианов

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСҚАНДЫҚ ДЕҢГЕЙІ

Мәселенің өзектілігі. Тәжірибе жүзінде үйрету барысындағы жүргізілген жұмыс ұсынылған теориялық ережелердің шынайылығын дәлелдеді (1,2,3). Болашақ бапкерлердің кәсіби-педагогикалық мәдениетін қалыптастыру педагогикалық бағыттылықтың, жеке тұлғаның субъективті ұстанымының, әдістемелік түйсінуінің, релаксияның дамуына және бапкердің кәсіби-педагогикалық дайындық барысында қызметінің операциялды жақтарын меңгеруіне мүмкін беретін педагогикалық жағдайлардың жасалуымен қамтасыз етілді (4).

Зерттеу мақсаты: тәжірибелік және бақылау топ студенттерінің кәсіби-педагогикалық мәдениетінің қалыптасқандық деңгейін анықтап, тәжірибелік үйреткенге дейін және кейін салыстырмалы сараптамасын беру.

Зерттеу әдістері: бақылаудан, сұрақ-жауап алу-дан, тест жүргізуден, қызмет өнімдерін талдау және т.б. кешенді зерттеу материалдары негізінде жүргізіледі.

Зерттеу нәтижелері мен олардың сараптамасы

Бірінші курс студенттерінде кәсіби-педагогикалық мәдениеттің бейімделулі деңгейі басым болғаны анықталды, оның негізінде психологиялық-педагогикалық және арнайы-педагогикалық пәндерді оқыту үрдісінде репродуктивті деңгейдің қалыптасуы басталды. Бұл жерде ерекше маңызға ие болған бағыт – педагогикалық үрдіс құрылымдарының (мақсатты, мазмұнды, жетілдіруші-нәтижелі, операциялды-қызметті, бағаламалы-нәтижелі) сараптамасы мен олардың өзара байланысын орнықтыруға бағдарланған педагогикалық тәжірибе. Жеке тұлғаның педагогикалық бағыттылығын және бірінші курстықтардың рефлексивті санасын қалыптастыруда жекелей кәсіби-педагогикалық бағдарламамен жұмыс жүргізудің маңызы ерекше болды. Бұл жұмыстың барысында педагогикалық құндылықтардың көкейкестілігі арта түсті, оларды жеке басылық құндылықтармен, мақсаттармен, бағдарлармен салыстыру жүзеге асты.

Бұл деңгейдің жаңалықты көрсеткіштері төмендегідей:

- педагогикалық құндылықтарды тани білу;
- педагогикалық қызметтің және бапкердің жеке басына қойылатын талаптардың ерекшеліктерін ұғыну;
- педагогиканың, ДШТ, таңдап алынған спорт түрлерінің түсініктемелі-терминологиялық аппаратымен танысу;
- кәсібилік қызмет үлгісі туралы жалпы түсінік қалыптастыру;
- ұйымдастырулы-педагогикалық міндеттерді қоя білу және оларды шешу.

Екінші және үшінші курстарда репродуктивті деңгейдің қалыптасуы аяқталды және кәсіби-педагогикалық мәдениеттің эвристикалық деңгейіне өтудің жағдайлары мен алғы шарттары түзілді.

Аудиториялық, шынықтыру сабақтары және педагогикалық тәжірибе барысында педагогикалық қызметтің талқылану операциялары, мақсаттылығы, жобалануы мен құрастырылуы, сарапталуы мен түзетулері қалыптасып, жүзеге асырылды.

Бапкердің жеке басының кәсіби-педагогикалық мәдениетінің репродуктивті деңгейіне бірқатар жаңа түзілімдер тән:

- педагогикалық және дене шынықтыру құндылықтарының көптеген әлем құндылықтар ішінен жеке даралануы;
- «бапкер-оқушы» жүйесінде субъект-субъективті қарым-қатынастың танылуы, өзіндік жүзеге асырылуыға деген сұраныс;
- педагогикалық пікірлердің ұғынылуы, кәсіби ұстанымдардың қалыптастыуы;
- педагогикалық қызмет, өзіндік реттелу құрылымдарының үлгісін түзу ұстанымдары;
- құрылымды-болжамды міндеттерді қоя білу және оларды шешу.

Эвристикалық деңгейге өту үшін студенттердің әдістемелік түйсінуін дамыту, және педагогикалық теорияны танымдылық қызметіне түрлендірудің тұрақты ұстанымын құлыптастыру шешу маңызға ие болды.

Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің бұл деңгейі үшінші курста қалыптасты. Студенттердің бойында микроүйрету және педагогикалық практика барысында педагогикалық қызмет үлгісін түзу арқылы рефлексивті сананы дамытуға, кәсібилік қызметте өзіндік жүзеге асырылу ұстанымын бекітуге, өзіндік реттелу мен өзіндік жетілу үрдістерінің көкейкестілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінді, бұл креативті деңгейге өтудің алғы шарты болды.

Педагогтың жеке басының кәсіби-педагогикалық мәдениеті деңгейінің эвристикалық деңгейінің жаңа түзілімдері төмендегідей:

- құндылықтарды қызмет мақсаттары ретінде қабылдау, құндылықтардың жүзеге асырылуына ұстанымдылық қалыптастыру;
- қызметте өзіндік жүзеге асу ұстанымы; педагогтың қызмет субъектісі ретінде қалыптасуы;
- психологиялық-педагогикалық және спорттық сабақтарға тұрақты қызығушылық, педагогикалық теорияны танымдылық қызметіне түрлендіру ұстанымын қалыптастыру;
- педагогикалық үрдістің мәні мен құрылымын түсіну; өзіндік реттелудің, сараптамалы түйсінуді дамыту;
- бағаламалы-ақпаратты және түзетуші-реттеуші міндеттерді қоя білу және оларды шешу.

Болашақ бапкерлердің өзіндік жетілуінің маңызды жетілдірушісі ретінде бұл сатыда олардың спорттық колледж шеңберінен тысқары (ғылыми-тәжірибелік конференция, психологиялық-педагогикалық олимпиадалар, педагогикалық шеберлік сайыстар, жарыстарға қатысу және т.б.) студенттік ғылыми-зерттеу және шығармашылық-педагогикалық қызметке қатыстырылуы қарастырылды.

Мұндай жұмыс өзіндік рефлексінің дамуын, әрбір студенттің өзін танымдылық пен шығармашылық қызмет субъектісі ретінде тани білуін, шабытын, пікірлерді жүзеге асыруын дамытуға мүмкіндік берді. Мұның мысалы ретінде студенттік педагогикалық оқылымдарды айтуға болады. Оларда дене шынықтыру мен спорттың гуманистік мәні, рухани-денелік құндылықтарды меңгеру үрдісінде жеке тұлғаны тәрбиелеп, дамыту; бапкердің қарым-қатынасының жөні; дене тәрбиесі құралдарымен педагогикалық түзетулер жүргізу және т.б. сияқты мәселелер қарастырылды.

Оқытудың аяғына қарай, студенттердің бір бөлігі кәсіби-педагогикалық мәдениеттің жетістікті деңгейіне жетті, оның ары қарайғы қалыптасуы бапкердің өзіндік кәсіби қызметінің міндеті болып табылады.

Спорттық педагогтың жеке басының кәсіби-педагогикалық мәдениетінің креативті деңгейі төмендегідей жаңа түзілімдермен сипатталады:

- педагогикалық, дене шынықтыру және спорт құндылықтарын өзіндік шығармашылық қызметте жүзеге асыру;

- жеке басылық-психикалық, зияткерлікті мүмкіндіктерді өзіндік жүзеге асыру;

- психологиялық-педагогикалық және спорттық білімдерді толықтыру мен жетілдіруге деген тұрақты талпыныс, оларды педагогикалық пікірлерді жүзеге асыруда, педагогикалық қызметтің ғылыми келбетін қалыптастыруда қолдану;

- өзіндік педагогикалық қызмет үлгісін тұзу, жаңа пікірлер қалыптастырып, олардың жүзеге асырылуы;

- оқушының жеке басының қабілеттері мен қасиеттерін дамыту бойынша белсенді өзіндік жасампаздық қызмет.

Жүргізілген тәжірибелік жұмыс нәтижелерінің сандық және сапалы сараптамасы бапкердің жеке басының кәсіби-педагогикалық мәдениетінің қалыптасқандық деңгейін (жеке тұлғаның педагогикалық бағыттылығы, субъективті ұстанымы, әдістемелік түйсінуі, рефлексия, педагогикалық іс-әрекеттер мен операцияларды меңгеруі) анықтаудың қалыптасқан көрсеткіштеріне сүйене жүргізілді. Әрбір көрсеткіш бойынша оның айқындалу деңгейін баллмен бағалау жүргізілді: 3 балл – жоғары; 2 балл – орта; 1 балл – төмен деңгейді көрсетсе, 0 балл – көрсеткіштің айқындалмағандығы болып есептелді.

Әрбір студенттің бес көрсеткіш бойынша алған баллдар жиынтығы оның кәсіби-педагогикалық мәдениетінің қалыптасқандық деңгейін (11-15 балл – жетістікті; 6-10 балл – эвристикалық; 3-5 балл – репродуктивті; 2 және одан төмен балл – бейімделу) анықтады. Алынған нәтижелер 1-кестеде келтірілген.

1 кесте – Тәжірибелік және бақылау топ студенттерінің кәсіби-педагогикалық мәдениетінің қалыптасқандық деңгейлері

Болжам уақыты	Топтар	Деңгейлер			
		Бейімделулі (%)	Репродуктивті (%)	Эвристикалық (%)	Жетістікті (%)
Оқытқанға дейін	ТТ	91,7	8,3	–	–
	БТ	87,5	12,5	–	–
Оқытқаннан кейін	ТТ	–	–	33,3	66,7
	БТ	16,7	54,2	20,8	8,3

Тәжірибелі оқу басталғанға дейін көптеген студенттер (91,7% тәжірибелік және 87,5% бақылау топтары) кәсіби-педагогикалық дайындықтың бейімделу деңгейінде болды. Репродуктивті деңгей спорттық колледжде оқығанға дейін бітірген (8,3% және 12,5%) бірнеше студенттерде әрбір топта айқындалады.

Тәжірибелі оқытудан кейін тәжірибелік топтардағы кәсіби-педагогикалық студенттердің 33,3% мәдениеттің қалыптасқандығының эвристикалық деңгейі анықталды, олардың 66,7% жетістікті деңгейге жетті (одан да төмен деңгейлер айқындалмады).

Дәстүрлі жүйе бойынша сабақ жүргізілген бақылау топтарында оқытудың соңына қарай студенттердің 16,7% кәсіби-педагогикалық мәдениеті қалыптасқандығының бейімделу деңгейінде қалды;

54,2% репродуктивті деңгей анықталды; 20,8% эвристикалық деңгей; 8,3% жетістікті деңгейге жетті.

Қорытынды: жүргізілген тәжірибелі оқыту барысында дәстүрлі әдіспен салыстырғанда бапкердің жеке басының педагогикалық бағыттылығынан, субъективті ұстанымынан, әдістемелік түйсінуінен, педагогикалық операцияларды меңгеруіне тұратын кәсіби-педагогикалық мәдениетінің қалыптасқандық деңгейі бірнеше өсті. Бұл ұсынылған теориялық ережелердің шынайылығының және олардың іс-жүзінде жүзеге асырылуының ұсынылған технологиясының дәлелдемесі болып табылады.

1. Касымбекова С.И. научно-педагогические основы формирования физической культуры учащейся молодежи. Диссертация докт. пед. наук: 13.00.04.- Алматы, 2002.-282с.

2. Кузьмина Н.В. способности, одаренность, талант учителя. –Л., ЛГУ, 1985.-32с.

3. Кульназаров А.К. Физическое воспитание школьников / Народное образование от съезда к съезду.-Алма-Ата: Мектеп, 1987.-126с.

4. Андрушишин И.Ф. Комплексная система психолого-педагогической подготовки спортсмена. Диссертация докт. пед. наук: 13.00.04.- Алматы, 2008.-278с.

Сравнительный анализ уровней сформированности профессионально-педагогической культуры студентов экспериментальных и контрольных групп до и после опытного обучения проводился на основании материалов комплексного исследования, включавшего опрос, тестирование, анализ продуктов деятельности.

М. Ә. Жүнісова

ҚЫПШАҚ ТАЙПАСЫНЫҢ ТІЛІ ЖӨНІНДЕ

Дүниежүзілік тіл білімі тарихында салыстырмалы-тарихи әдісті тұңғыш қолданған, лингвист ғалым Махмұт Қашқаридың «Диуану лұғат-ит түрк» (Түркі тілдерінің сөздігі, XI ғ.) сөздігіндегі қыпшақ тайпасының тілдік қолданысы деп көрсетілген мысалдар, сөздер тағы да зерттеу жұмысымыздың негізгі нысаны болып отыр. Тарихымызды, соның ішінде тіліміздің тарихын терең әрі жан-жақты қарастыру – қазақтың түбі саналатын қыпшақ тайпасының тілдік қолданысын жинақтау, зерттеу, қазіргі тілімізбен салыстыру – қашан да өзекті мәселе.

Зерттеуіміздің дереккөздері:

1. Сөздіктің қазақша нұсқасы: Махмұт Қашқари «Түрік сөздігі»,

Іт., Шт., Шт. –А., А. Егеубай.

2. Сөздіктің өзбекше нұсқасы: М.Қошғори «Диуану лұғат-ит-турк» С.Муталибов аударған. – Тошкент, 1961-1963 ж.

3. Древне-тюркский словарь, -Л., 1969 г.

4. Түрік нұсқасы: М.Қошғори «Диуану лұғат-ит турк» аударған Б.Аталай, Анкара, 1939-1941ж.

5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Тіл комитеті, 2008.

Мұнда *Бұл барлық түрік тайпаларында осылайша қолданылады* деген ескертуі бар сөздер мүлде қаралмады. Бұл зерттеу жұмысымызда ескерткіш бойынан қыпшақ тайпасының сөздік қолданысындағы *қытшақша, қытшақтар осылай қолданады* деген ескертпесі барларын ғана теріп алып, оларды грамматикалық жағынан қарастыру мақсат етілді.

1. Қыпшақ тіліндегі зат есімдер:

1.1. Қыпшақ тіліндегі түбір зат есімдер:

ҚЫПШАҚ: қыпшақ. Қашқарға жақын бір мекеннің атауы [ҚН., Іт., 534б.].

Бұл - жалқы есім, топоним.

Қазір Қызылорда обылысы, Шиелі ауданында қыпшақ руы тұрақтаған елдімекен бар, бірақ ол бұлай аталмайды, дегенмен онда көбінесе қыпшақтар тұрады. Сондықтан қазір қыпшақ десе руды айтып отыр екен деп түсіну кездеседі. Бұл – жалқы есім, этноним.

ИЕМЕК: Иемек. Түріктердің бір бөлігі, бір жұрты. Біздің ұғымымызда олар қыпшақтар, ал қыпшақтардың өздері оларды басқа ата деп санайды [ҚН., Шт., 42б.].

Бұл – жалқы есім, этноним.

БҰЛАҚ. Бір түрік тайпасының атауы. Оларды қыпшақтар басып алған еді, кейін ұлы Тәңірі оларды құтқарды да олар *Елке бұлақ – Елке бұлақ* деп аталды. Бұл сөз Бұлақ, болмаса (қысқартып, не ұзарта) жазылып, оқыла беруі мүмкін [ҚН., Іт., 437б.].

Қазіргі қазақ тілінде жалқы есім. Бұл сөздің жеке тұрғанда басқа мағынасы қазақ тілінде бар, ал тайпа атауын, яғни *Бұлақ* этнонимі әлі де іздей түсуді қажет етеді.

КЕМЕК: мақта жібінен тоқылған гүлді матаның бір түрі. Одан шапан, басқа да сырт киім тігіледі. Қыпшақтар одан жаңбырға киетін сулық істейді. [ҚН., Іт., 450б.].

Қазақ тілінің қазіргі қолданысымызда жоқ.

БАШАҚ: тобық (Шігілше). Оғыз бен қыпшақтар бір м әрпін қосып, *башмақ* дейді. [ҚН., Іт., 435б.].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде (әрі қарай - ҚТТС): башмақ: үй ішінде киетін жеңіл, жұмсақ аяқкиім [ҚТТС., 117б.] деген мағынада, ал тобық деп атау қазіргі тіліміздегі аяқ саусақтарының аты *башпай//башпақ//башмақ* деген сәйкестікте секілді.

КӨК: тек; негіз. *Көкің кім? – тегің кім?* Яғни, *қай елсің, тегің қандай?* деген мағынада. (Оғызша, қыпшақша) [ҚН., Шт., 411б.].

Не елсің? Руың кім? деп сұрау қазір де сақталған. Елін, тегін сұрау - Ұлттық бір дәстүр. Қарғыста *Көктей сол* дейді. Мұндағы *көк* сөзі сол *тек* мағынасында, яғни *тегіңмен сол* деп айтылған.

ҚАДЗЫН: қайын; қайын ата; қайын ене. Мақалда былай деп айтады: «Қадаш теміш қаймадұқ, Қадзын теміш қаймыш». Қарындас десе қарамадық, Қайын десе қарадық. Бұл мақал туған қарындас, ағайындар арасында құдаларға, қайын ата-аналарға ерекше құрмет көрсетілетінін білдіреді [ҚН., Іт., 462-463б.].

Қазіргі қазақ тілінде бар.

СҰЛАҚ: көкбауыр. (Қыпшақша). Бұл сөздің с әрпі т әрпінің орнына ауысып түскен. Бұл арабшадағы мен сөздерінің және болып түскеніне ұқсайды. Нахб ғалымдары (сөз желісін, сөз жүйесін зерттейтін ғалымдар (синтаксис мамандары), А.Е.)... [ҚН., Іт., 471 - 472б.].

ҚТТС-інде *талақ* деген нұсқасы бар, ол қазіргі тілімізде сақталған [ҚТТС, 777б.].